

№32 «Қуаныш» балабақшасы МКҚК

Педагогикалық әдеп кеңесі отырысының №1 хаттамасы

2026-2027 оқу жылы

Өткізілген орны: №32 «Қуаныш» балабақшасы МКҚК

Қатысқандар: Әдеп кеңесінің мүшелері, балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер.

Күн тәртібі:

1. Әдеп кеңесінің құрамын бекіту және 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарастыру.
2. Педагогикалық әдеп қағидалары мен қызметкерлердің мінез-құлық нормаларын түсіндіру.

Тыңдалды:

Әдеп кеңесінің төрағасы Б.Б.Абдуллина сөз сөйлеп, 2026–2027 оқу жылында Әдеп кеңесінің жұмысын ұйымдастыру, оның негізгі міндеттері мен қызмет бағыттары туралы ақпарат берді. Отырыс барысында Әдеп кеңесінің құрамын бекіту мәселесі қарастырылды. Кеңес мүшелерінің міндеттері, жұмыс тәртібі және отырыстарды өткізу мерзімдері талқыланды. Сонымен қатар 2026–2027 оқу жылына арналған Әдеп кеңесінің жұмыс жоспары таныстырылды. Жоспарда педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, ұжымдағы өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас орнату, қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру және әдеп нормаларының бұзылуының алдын алу бағыттары қамтылғаны атап өтілді.

Әдеп кеңесінің мүшесі И.Х.Аяпбергенова жұмыс жоспарына қатысты ұсыныстарын білдіріп, педагогтер арасында түсіндіру және профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Балабақша меңгерушісі Р.А.Лекерова педагогикалық әдеп қағидалары мен қызметкерлердің мінез-құлық нормалары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Педагогтің кәсіби қызмет барысында тәрбиеленушілерге, ата-аналарға және әріптестеріне құрметпен қарауы, қарым-қатынаста әдептілік пен сыпайылықты сақтауы қажеттігі айтылды. Қызметтік міндеттерді орындау кезінде педагогтер мен барлық қызметкерлердің адамгершілік, әділдік, жауапкершілік, кәсібилік қағидаттарын басшылыққа алуы керектігі түсіндірілді. Ата-аналармен қарым-қатынас барысында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, ата-аналардың пікіріне құрметпен қарау, жеке ақпараттың құпиялылығын сақтау және баланың мүддесін бірінші орынға қою мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Шешімі:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған Әдеп кеңесінің құрамы бекітілсін.
2. Әдеп кеңесінің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мақұлдансын.
3. Жоспарда көрсетілген іс-шаралардың уақытылы және сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін.
4. Әдеп кеңесінің мүшелеріне педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына байланысты түсіндіру және алдын алу жұмыстарын тұрақты жүргізу тапсырылсын.

ПӘК төрағасы

Хатшы



Абдуллина ББ

Бимашева Ф.Ж.